

## Жігіт сұлтаны анықталды

7 мамыр “Отан қорғаушылар мерекесі” қарсаңында Дінмұхамед Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясында өршіл рухты, парасатты жігіттердің қатысуымен “ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2023” байқауы оздырылды.

Қайтадан жанданып отырған “Жігіт сұлтаны” байқауы керермендерді бірден баурап алды. Олар

қатысушыларды қошеметпен қарсы алды. Өр  
үміткер жеңіске жету үшін бар күш-жігерін салды.  
Жалпы бұл конкурстың басты мақсаты: жігіттерді  
батырлыққа, тапқырлыққа, имандылыққа  
тәрбиелеу, жан-жақтылыққа баулу.

Байқау 3 кезеңнен тұрды:

Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың, қамын жер  
(таныстыру)

(2 Ел іші, өнер кенші (өз өнерлерін көрсету)

3 Күш атасын танымас (спорттық сайыс)

Байқауда қатысушылары өз-өзін ұстауы, әртістік өнері, киім үлгілерінің ерекшелігі  
ескерілді.

Қатысушы жан-жақты жігіттеріміздің есімін атап  
айтсақ,

Бахитов Сұлтан 9 “А”

Алиев Тимур 9 “Б”

Қадер Таймас 9 “В”

Серікқали Әлихан 9 “Г”

Жаманбай Аңсар 9 “Д”

Ғыйлымов Ғалым 10 “Б”

Байқаудың қорытындысы бойынша: “Жігіт сұлтаны”  
атауына Алиев Тимур лайық деп танылды.

Бахитов Сұлтан 1-орын, Жаманбай Аңсар, Серікқали Әлихан 2-орын, Ғыйлымов Ғалым,  
Қадер Таймас 3-орындарға ие болды.

